

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



G•GLOBAL

Х Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

15 маусым 2017ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

15июня 2017г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

PART II

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)
ББК 65.01
Ә53

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

Ә53 **Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы.** – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.
Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.
Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-9965-31-871-9
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-9965-31-871-9
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330 (063)

**СЕКЦИЯ V. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАСЫН
ӘРТАРАПТАНДЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ
ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК СЕРІКТЕСТІК**

**СЕКЦИЯ V. ИННОВАЦИОННЫЙ МЕНЕДЖМЕНТ И ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ЧАСТНОЕ ПАРТНЕРСТВО КАК ФАКТОРЫ ДИВЕРСИФИКАЦИИ
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**SESSION V. INNOVATIVE MANAGEMENT AND PUBLIC PRIVATE PARTNERSHIP AS
FACTORS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY DIVERSIFICATION**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

Толысбаев Б.С., Хуатбек А.


Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: Tolysbaev_b@enu.kz, aidankhuatyek@gmail.com

Еңбек нарығы ұлттық экономикамызды дамытудың негізгі және стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Себебі бұл тауар болып табылатын еңбек ресурстарының нарығы, яғни ол еңбек қатынастарымен реттеледі. Еңбек қатынастары - тараптардың әдетте жеке еңбек және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыруы жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар екендігі баршамызға белгілі [1].

Сонмен бірге еңбек нарығының қызметтері қоғам өміріндегі еңбектің рөлімен белгіленеді, еңбек табыстың және жақсы хал-жағдайдың өте маңызды өндірістік ресурс болып табылады. Осыған сәйкес еңбек нарығы басты екі қызмет атқарады. Әлуметтік функцияға адамдардың табыстары мен жақсы тұрмыс халының әдеттегідей дәрежесінің қамтамасыз етілуі және жұмыскерлердің өндірістік қабілетінің тиісті дәрежеде ұдайы өндіруінің қамтамасыз етілуі жатады. Еңбек нарығының экономикалық функциясына еңбекке рационалды тарту, оны бөлу, реттеу және пайдалану жатады. Енді еңбек нарығын қалыптастыру факторларына тоқтала кетейік (сурет 1) [2].



1 - Сурет – Еңбек нарығының қалыптастырушы факторлар

Еңбек нарығын қалыптастыратын факторларды талдау барысында қазіргі таңдағы Қазақстанның еңбек нарығы әлеуетін бағалауға болады. Атап айтқанда біздің елде еңбек ресурстары және халықтың жалпы санының 55% құрады. Халық шаруашылығы қызметінің салаларында 7,4 миллион адам жұмыспен қамтылған. Олардың 80% экономиканың мемлекеттік секторында жұмыс істейді. Бұл мемлекеттік кәсіпорындардың әлі басым

екендігін, яғни нарық механизміне тән еңбекпен қамту қатынастарының қалыптасуы өте баяу жүріп жатқандығын көрсетеді. Сонымен қатар қазіргі еңбекпен қамту қатынастары, әкімшілдік экономика жағдайында қалыптасқан жұмыспен қамтамасыз ету қатынастарының терең дағдырысын көрсетіп отыр. Біздің қоғам әкімшілдік экономика жағдайында қалыптасқан жұмыспен қамтамасыз ету қатынастарының терең дағдырысын көрсетіп отыр. Біздің қоғам әкімшілдік басқару жүйесі жағдайында халықты толық, әсіресе тиімді еңбекпен қамту мәселесін шеше алмай отыр.

Экономикасы мен өндіріс салалары дамыған елдерінің тәжірибесі, тиімді еңбекпен қамту тек еңбек нарығы қалыптасқан жағдайда ғана болатындығын көрсетті [3]. Ал біздің еліміздегі тіркелген жұмыссыздардың 5-6% аспайды деп күтілуде. Сондықтан мемлекет, дүние жүзінде жинақталған тәжірибеге сүйене отырып бұл процесті реттеуді үйренуі қажет. Жұмыссыздықтың әлеуметтік және саяси өткірлігін азайту үшін соңғы 20 жыл бойына нарық қатынастары дамыған елдердің үкіметтері жұмыссыздарға жәрдем берудің әртүрлі жүйелерін қолдануда. Халықты еңбекпен қамтудың мемлекеттік реттеу механизмі оның хұқтық негізін жасауды, әртүрлі мамандандырылған мекемелердің, экономикалық тұтқалардың кең жүйесін қолдануды қажет етеді. Осылармен бірге мемлекет қайта мамандандыру, жаңа жұмыс орындарын құру және жұмыссыздыққа байланысты жәрдемақы төлеу сияқты әлеуметтік саясат шараларын жүзеге асыруы қажет.

Қазақстан Республикасының еңбек нарығының тұрақтануынаықпалды әсерін «Жол картасы» бағдарламасы тигізуде. Атап айтқанда білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және әлеуметтік қамсыздандыру нысандары бойынша да осыны айтуға болады. Бұл ретте ерекше айта кететін жайт, Елбасы бастамасымен қаншама жылдар бойы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген әлеуметтік нысандар жаңартылып, дағдарыс салдарынан жұмыссыз қалғандар жаңа мамандықтарды игеріп, отбасын асырады. Бұл бағыттағы жұмыстар әрбір облыс, аудан орталықтарында, тіпті ауылдық елді мекендерде де жүзеге асты. Атап айтсақ, «Жол картасы» бағдарламасы бойынша ақырғы жылдары, яғни бір жылдың ішінде ел өңірінде Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін реконструкциялау жөнінде 862 жоба іске асырылып, 737 шақырым электр желісі, 1029 шақырым сумен жабдықтау желісі, 284 шақырым жылу трассасы, 4793 шақырым автожол, 3657 мектеп пен аурухана, сондай-ақ 368 мәдениет пен спорт нысаны жөнделді. Онымен қоса, 67 әлеуметтік нысанға (қарттар мен мүгедектерге, психикалық аурулармен ауыратын адамдарға арналған интернат үйлері) түрлі деңгейдегі жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Жол картасын» және экономиканың болашақ сұранысын іске асыру үшін 100 мыңнан аса қазақстандық тегін, мемлекет есебінен екінші мамандық алды, неше түрлі қайта даярлау курстарынан өтті. Олар слесарь, электромонтер, сырлаушы, сылақшы, тас қалаушы, монтаждаушы, құрылыс машиналарын жүргізуші, ағаш шебері, сонымен қатар шаштараз, аспазшы, массаж жасаушы, тігінші кәсіптерін игерді. Осының нәтижесінде, 75 мыңнан аса жұмыссыз адам жұмысқа орналасып, 400 мыңға жуық жаңа жұмыс орындары ашылды.

Ауылдық елді мекендер де бұл бағдарламаның игілігін көрді. 246 мәдениет үйі жөнделді. Шыны керек, көпшілік ауыл- аймақта мұндай нысандар қаншама жылдардан бері жөндеу көрмеген еді. «Жол картасының» арқасында ауылдағы тозығы жеткен ғимараттарға қайта қан жүгірді. Сонымен қатар 420 ауылдық елді мекен абаттандырылып (газон егу, гүлзарлар өсіру, аймақтарды санитарлық тазалау, шағын түрлі әлеуметтік нысандарды жөндеу), қайта жандана түсті.

Бұл бағдарлама тоқтап қалған жоқ. Елбасымыз бір сөзінде: «Біз бұл бағдарламаны тоқтатпаймыз, әлі де жалғасын табатын болады. Бірақ енді бағдар өзгеріп, аудан-ауылдарда шағын, кішігірім өндірістер ашылуы тиіс. Ендігі негізгі басымдық шағын өндірістерді ашуға жұмсалады», – деген еді. Осы ретте «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы қолға алынып, табысты жүргізілуде. Кәсіпкерлікті қолдау бойынша 2,5 мың адам кәсіпкерлік негіздерін үйреніп, олар енді шағын несиелер алуға үміттеніп отыр. Дәл қазіргі жағдайда аталмыш

бағдарламаға қатысушы 422 адам шағын несиелер алуға құжаттарын рәсімдеген. Онымен қоса, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленіп, «Нұр Отан» ХДП бекіткен «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын да айта кеткеніміз жөн. Өйткені бұл қос ірі жоба («Бизнестің жол картасы», «Жұмыспен қамту-2020») «Жол картасы» бағдарламасының жалғасы болып табылады. «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасында тегін кәсіптік білім беріп, жұмыссыз жүргендер мен әлеуметтік аз қамтылған отбасы мүшелерінен мамандар даярлау, оларды жұмысқа орналастыру көзделген. Бір сөзбен айтқанда, мұнда жұмыссыздықпен күресіп, еңбек нарығын отандық мамандармен қамтамасыз етудің жолдары айқындалған. Бұл бағдарлама «екі қолға – бір күрек» іздеген азаматтарға қоғамнан өз орнын табуға зор мүмкіндік береді [4].

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне сәйкес, «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы шеңберінде ел бойынша 3000-нан аса кәсіпорынға 14 мың адам жұмысқа алынды. Онымен қоса, еңбек мобильділігін арттыру бойынша Қазақстанның он аймағында 865 жеке тұрғын үй мен 64 көппәтерлі тұрғын үй салу жоспарланған. Бұған мемлекет қазынасынан 11 млрд теңге бөлінген. Бұған адамдар «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы бойынша жұмысқа орналасады.

Еңбек нарығының жаңа парадигмасы қазіргі жағдайдағы нарық жүйесінің қалыптасуы мен дамуының жаңа экономикалық парадигмасының бөлінбес құрамдас бөлігі. Сондықтан халықты жұмыспен қамту еңбек нарығының басты факторы болып саналады. Ендеше біздің пікірімізше, халықты жұмыспен толық қамту келесі құрамды элементтерден тұрады:

- адамның еңбекке деген табиғи зәрулігі;
- өндірілген өнімнің санын ғана емес, сонымен бірге оның сапасы мен бәсекеге қабілетін де ескере отырып жұмыскердің еңбек шығындарына әділетті ақы төлеу;
- мемлекеттік заңдармен, еңбек нормаларымен т.б. оған кепілдік беру.

Әлеуметтік - экономикалық жаңарулар барысында Қазақстан Республикасында жұмысқа жарамды халықты жұмыспен қамту мәселесі ойдағыдай шешімдерін табуда. Мысалы Қазақстан Республикасы халқының 58,3 пайызы ғана еңбеке жарамды жаста, халықтың экономикалық белсенді тобына жататындар да осылар. Айта кететін бір мәселе бұл - ішінара жұмыспен қамтуды немесе жасырын жұмыссыздықты ескермей жұмыспен қамту саласы мен еңбек нарығының қазіргі жағдайын бағалау қажеттігі. Сондықтан да, жасырын жұмыссыздықтың көлемі мен деңгейі жұмыспен қамтуды аймақтар мен кәсіпорындар үшін макродеңгейде бағалаудың ең маңызды көрсеткіштері болып табылады. Бұл көрсеткіштерді пайдалану – бір жағынан қамтылғандардың жұмысын толық пайдаланбау мөлшерін, екінші жағынан потенциалдық жұмыссыздық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Жұмыспен қамту саласындағы құрылымдық өзгерістер оны меншік формаларымен және жаңа шаруашылық субъектілерінің пайда болуымен байланыстыра отырып, экономикалық секторлары бойыншы бағалау тұрғысынан назар аудартады.

Сонымен қатар еңбек нарығындағы жағдайларда маңызды көрсеткіш болып жұмыссыздықтың деңгейі, сыйымдылығы және еңбек нарығының конъюнктурасы болып табылады. Алайда мұндай статистика толығымен еңбек нарығындағы толық жағдайды көрсетпейді. Жастар еңбек биржасында басқа жастағы адамдармен салыстырғанда сирек тіркеледі. Нәтижесінде нарықтық қатынастың ерекшеліктерімен байланысты, жасырын жұмыссыздық, жұмыспен қамтамасыз етудің жаңа құбылыстарының барлығы есепке алынбайды. Өндірістік емес салада жұмыс күшіне сұраныс жылдам өсу үстінде. Егер де қазіргі кездегі білікті мамандарды дайындау және оларға деген сұраныс өзгермесе, жақын аралықта біліксіз мамандар халық арасында жұмыссыздықтың ұлғаюын алып келуі мүмкін, ең алдымен жалпы орта мектепті бітірген, әрі қарайғы оқуын жалғастырмаған, мамандығы немесе қажетті біліктілігі жоқ – жастардың арасында. Сондықтан да жалпы білім беруін және жастарды кәсіптік оқытуды ұтымды ұйымдастыру қажет.

Еңбек нарығының қажеттіліктері жастардың өмір құндылықтарына сәйкес келмегені

жастардың белсенді түрде жұмыс іздеуіне кедергі болады, сондықтан да экономикалық жүйедегі жастарды жұмыспен қамту мәселесіне сәйкес келетін жүйені қалыптастыру керек.

Бұл жүйе төмендегідей қалыптасуы қажет:

- кәсіпорында, ұйымда және мемлекеттік мекемелерде конкурстық сұрыптау негізінде жастарды жұмыспен қамту және тәжірибелерді ұйымдастыру;

- жастар үшін жұмыс орындарын үлестіру мақсатымен аудандық арнайы бюджеттік қорлар жасау;

- білім беру мекемелерінің түлектерін жұмыспен қамтамасыз ететін жұмыс берушілердің ынталандыру жүйесін жетілдіру;

- жастармен мамандыққа бағытталған ескертпелі жұмыс жүргізу;

- жастар жұмыссыздығын алдын-ала ескерту жөнінде іс-шараларда қалыптастыру және жүзеге асыру;

- жастарды баспа және электронды ауқымда ақпарат құралдары арқылы ақпараттандыру, еңбек нарығы және жастарды қолдану шаралары туралы анықтамалық және ақпараттық-әдістемелік әдебиеттерді баспаға шығару;

- жас кәсіпкерлікті және жастар кәсіпкерлігін құру тәжірибесін дамыту, жастардың бизнес-жоспарларын кеңеспен және эксперттермен қамтамасыз ету.

Еңбек нарығындағы жастардың жұмысбастылығы мен жұмыссыздығын зерттеу кезінде белгілі бір жастар тобының ерекшеліктерін ескеру керек, өйткені олар әр алуан болып келеді.

Орташа есеппен алғанда, Қазақстан бойынша бір шағын және орта кәсіпкерлік субъектінде жұмыспен қамтылған жұмыскерлердің саны 3 адамды құрайды. Бұл жағдайда өңірлер үлесі бойынша аталған көрсеткіш шамамен бірдей – бір белсенді шағын және орта кәсіпкерлік субъектінде 2-ден 4 адамға дейін жұмыс істейді.

Бүгінде орта және ірі кәсіпорындардың экономикалық ахуалы төмендеуі себепті жұмысынан айрылған тұрғындардың экономикалық белсенді бөлігі үшін өз ісін ашу және оны жүргізу бойынша тегін оқыту курстарын ашу оларға нақты көмек болатындықтан, елдегі жұмыссыздық деңгейінің өсуіне жол бермеу мақсатында, ғаламдық дағдарыс зардаптарына төтеп беру жағдайында «Жұмыспен қамту 2020», «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ «Бизнес Кеңесші» Бағдарламасы қарастырылған шараларды жүзеге асыруға бағытталған. Жол картасының негізгі нәтижелері: шамамен 9 мың жоба іске асырылды, 392 мың жұмыс орны құрылды, шамамен 150 мың адам даярлауға және қайта даярлауға жіберілді, олардың жартысына жуығы жұмысқа орналастырылды, 192 мыңнан астам адам әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар тәжірибесі шеңберіндегі жұмыс орындарына орналастырылды.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 1999 ж. 10 желтоқсандағы N 493-І «Еңбек туралы» Заңы.
2. Дятлов С.А., Смирнов С.Б. Интеллектуальный капитал: полифункциональная природа, формы проявления, оценка. Изд-во НИУ ГИТМО 2013. 360 с.
3. Әубәкіров Я., Нәрібаев К. Экономикалық теория негіздері: Оқулық - Алматы: 2000. 645 б.
4. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» және «Нұрлы жол» бағдарламаларының 2016 жылдың 1 мамырына орындалу барысы туралы ақпарат. Оперативные данные Комитета по статистике МНЭ РК в цифрах за 2016 год.